

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№4 хаттамасы

Түркістан қаласы

18.12.2024 ж.

Қатысқандар: факультет деканы С.Абжалов, факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д.Жарқынбаева, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Қыпшақбаев, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы PhD., Қ.Қалдыбай, кафедра меңгерушілері: PhD., Д.Шауенов, PhD., М.Исаев, PhD., Ф.Камалова және ОПК.

Күн тәртібінде:

1. ПОҚ-дың индикативті жоспарларының орындалу барысы
2. Факультет білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайын талдау
3. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау
4. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы
5. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау
6. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру туралы
7. 2024-2025 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімін анықтау
8. Әр түрлі мәселелер
- 8.1 Дінтану кафедрасы 2024-2025 оқу жылының бітіуші 4-курс студенттерінің дипломдық жұмыстың (жобаның) орнына ұсынылатын кешенді емтихандардың пәндерінің тізімін және бағдарламаларын талқылау және бекіту
- 8.2 Диплом алды практика талқылау(өндірістік практика)
- 8.3 28.11.2024 жылында өтетін Аппақ Ишан конференциясына факультет оқытушыларының атсалысу жұмыстары ұйымдастырылуы

1-мәселе бойынша: Кафедра меңгерушілері PhD, Д. Шауенов, PhD, М. Исаев және PhD, Ф. Камалова сөз алып, профессорлық-оқытушылық құрамның индикативті жоспарларының орындалу барысы туралы баяндады. Жоспарлардың орындалу деңгейі, ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыстардың көрсеткіштері талданды.

2-мәселе бойынша: Факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жарқынбаева сөз алып, факультет білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасу жағдайын таныстырды. Ол түлектердің діни басқармалар мен өзге де салалық мекемелерге орналасу көрсеткіштерін атап өтіп, кәсіби бағдар жұмыстарының тиімділігін арттыру бағыттарын ұсынды.

3-мәселе бойынша: Кафедра меңгерушілері PhD, Д. Шауенов және PhD, Ф. Камалова сөз алып, білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия мүшелерінің құрамын ұсынды. Кандидаттар кәсіби біліктілігі мен тәжірибесіне қарай қарастырылып, бекітуге ұсынылды.

4-мәселе бойынша: Факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жарқынбаева сөз алып, ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысу мониторингінің нәтижелерін және

педагогикалық озық тәжірибені тарату жұмыстары туралы баяндады. Мониторинг нәтижелері бойынша оқытушылардың әдістемелік шеберлігін арттыру бағыттары белгіленді.

5-мәселе бойынша: Кафедра меңгерушілері PhD, Д. Шауенов, PhD, М. Исаев және PhD, Ф. Камалова сөз алып, білім беру бағдарламаларын іске асыруда оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу барысына жасалған мониторинг нәтижелерін талдады. Интерактивті және цифрлық оқыту құралдарының тиімділігі қарастырылып, озық тәжірибелерді тарату ұсынылды.

6-мәселе бойынша: Кафедра меңгерушілері PhD, Д. Шауенов және PhD, Ф. Камалова сөз алып, бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін, сондай-ақ институционалдық аккредиттеу бойынша постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру барысын баяндады. Аккредиттеу талаптарына сәйкестік деңгейі мен түзету шаралары талқыланды.

7-мәселе бойынша: Факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жарқынбаева сөз алып, 2024–2025 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында жоғары оқу орнының ақпараттық картасын толтыру үшін дайындық бағыттары мен білім беру бағдарламаларының тізімін анықтау мәселелерін қозғады.

8-мәселе бойынша (Әр түрлі):

8.1-мәселе бойынша: Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Қ. Қалдыбай сөз алып, кафедра меңгерушісі PhD, Ф. Камаловаға сөз берді. Ф. Камалова Дінтану кафедрасы бойынша 2024–2025 оқу жылының бітіруші 4-курс студенттеріне дипломдық жұмыс (жоба) орнына ұсынылатын кешенді емтихандардың пәндерінің тізімін және бағдарламаларын таныстырды. Бағдарламалардың құрылымы мен мазмұны, сондай-ақ оқу нәтижелеріне сәйкестігі талқыланды.

8.2 -мәселе бойынша: Кафедра меңгерушілері PhD, Д. Шауенов және PhD, Ф. Камалова сөз алып, диплом алды (өндірістік) практика жұмыстарының барысын талқылады. Практика базаларының дайындығы, студенттердің тәжірибелік дағдыларды меңгеру деңгейі және жетекшілік ету сапасы жөнінде ақпарат берілді.

8.3 Факультет деканы С. Абжалов сөз алып, «Аппақ Ишан» конференциясына факультет оқытушыларының белсенді қатысуының маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ ғылыми іс-шараларда факультеттің беделін арттыру және академиялық белсенділікті көтеру бағытында ұсыныстар берілді.

Шешім:

1. ПОҚ-дың индикативті жоспарлары өз уақытында орындалу қадағалансын.
2. Факультет білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайын назарға алынып тиісті жұмыстар жүргізілсін.
3. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын бекітілсін
4. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелері, педагогикалық озық тәжірибе тарату жұмыстары ұйымдастырылсын
5. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін назарға алынып тиісті жұмыстар жүргізілсін
6. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстары уақытында орындалсын.
7. 2024-2025 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімі бекітілсін
8. Әр түрлі мәселелер
- 8.1. Дінтану кафедрасы 2024-2025 оқу жылының бітіуші 4-курс студенттерінің дипломдық жұмыстың (жобаның) орнына ұсынылатын кешенді емтихандардың пәндерінің тізімін және бағдарламалары бекітілуге ұсынылсын.

8.2. Диплом алды практика (өндірістік практика) ұйымдастырылсын

8.3 28.11.2024 жылында өтетін Аппақ Ишан конференциясына факультет оқытушыларының атсалысу жұмыстары ұйымдастырылсын

**Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



Қ.Қалдыбай